

«Баланың өміріндегі ертегінің рөлі»

Ата-аналарға кеңес беру

«Ертегі – бұл баланың өмірлік құбылыстарды эмоционалды бағалауы өсетін дән»

В. А. Сухомлинский

Барлық балалар ертегілерді жақсы көреді. Ертегі баланың өміріне ерте жастан бастап енеді, мектепке дейінгі балалық шақта бірге жүреді және өмір бойы онымен бірге болады. Ертегіден оның әдебиет әлемімен, адами қатынастар әлемімен және жалпы бүкіл әлеммен танысуы басталады. Балаларды тәрбиелеудегі ертегінің



рөлі зор. Біріншіден, олар қиялды дамытады, қиялдауға итермелейді. Олар сондай-ақ дұрыс сөйлеуді дамытады, жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйретеді.

Сондықтан, егер сіз балаңызға бір нәрсені түсіндіруге, оны қолдауға көмектескіңіз келсе, балалық шағыңыздың тілі - ертегіні еске түсіруге тура келеді.

Балаға ертегі айта отырып, біз оның ішкі әлемін дамытамыз. Біз кітаптарды неғұрлым ерте оқысақ, соғұрлым ол сөйлей бастайды және өзін дұрыс көрсете бастайды. Ертегі мінез-құлық, қарым-қатынас негіздерін қалыптастырады. Қиял мен шығармашылықты дамытады.

Ертегіні ең жақсысы — ұйықтар алдында оқу. Бұл кезде бала тыныш, көңіл-күйі жақсы болады және мұқият тыңдауға дайын тұрады. Ертегіні сезіммен оқу қажет. Оқығаннан кейін ертегі туралы әңгімелесуге болады: не ұнады, не ұнамады. Балаға кейіпкерлерді сипаттап беруін сұраңыз.

Ертегі арқылы баланың мазасыздығын сейілтуге болады. Сонымен қатар, баланың эмоционалды сөйлеуін қалыптастыруға, оны көркем әрі бейнелі етуге мүмкіндік туады. Сөздік қоры молаяды, диалог құра білу қабілеті артады, байланысты әрі логикалық сөйлеу дамиды.

Ертегіні қызықты етіп айтып беріңіз, оны басқа бір әлем сияқты сезініп. Дикцияңыз бен интонацияңыз анық болсын — сонда бала да дыбыстарды дұрыс әрі анық айтуға үйренеді.

Қазіргі заманда ертегінің бала тәрбиесіндегі маңызы екінші орынға ығысып бара жатыр. Баланың қолында теледидардағы мультфильмдер мен планшеттегі ойындар бар, сондықтан ол үшін ертегінің қажеті жоқтай көрінеді. Мультфильмді көру қызықты болғанымен, ол қиялды дамытпайды, себебі барлық әрекет экранда дайын түрде көрсетіледі. Егер балаңыздың шығармашылық қабілетін дамытқыңыз келсе, оған қиялдауға мүмкіндік беруіңіз қажет.

Ертегілерде ғасырлар бойы жиналған халық даналығы жатыр. Көп жағдайда ертегілер тым шынайы, тіпті қатігез көріністер үшін сынға ұшырайды. Алайда ересек адам көретін қатігездікті бала бейнелі түрде қабылдайды. Балаға жамандықтың түбінде жойылуы керектігін түсіндіру қажет. Ертегінің бала өміріндегі маңызды рөлдерінің бірі – әрдайым жақсылықтың жеңуі. Бұл болашақта балаға өмірлік қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Әрине, өмір өз түзетулерін енгізеді, дегенмен, баланың санасында ертегімен келген ізгілік ұмытылмайды.

Ертегі арқылы балалар адам өміріндегі ең маңызды ақиқаттарды түсіне бастайды. Ертегі олардың болашақта өмір сүретін адами мораль мен адамгершілік негіздерін қалыптастыруға көмектеседі. Біз ересек болғанда жай ғана балалық ермек деп санайтын сол қарапайым ертегілер — шын мәнінде өте үлкен тәрбиелік мәнге ие.

Халық ертегілері балалардың музыкалық есту қабілетін, поэзияға деген талғамын, табиғатқа, туған жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Олар ерте замандардан бастап пайда болған. Халық ертегілері — балалар арасында ең танымал және ең сүйікті жанр. Бұл ертегілерде болып жатқан барлық оқиғалар фантастикалық әрі керемет, өйткені ертегі кейіпкерлері бір қауіпті жағдайдан екіншісіне өтіп, достарын құтқарып, жауларын жазалап, өмір мен өлім арасында күресіп, шайқасады.

Ертегіні жай ғана оқып шығу жеткіліксіз. Баланың оны жақсырақ есінде сақтау үшін, оған түсінуге көмектесіп, бірге кейіпкерлермен әртүрлі жағдайларды бастан өткерген дұрыс. Персонаждардың әрекеттерін талдап, өзіңізді олардың орнында елестетіңіз.

Бала ертегімен жұмыс істеп, оны жақсы түсініп, кейіпкерлердің әрекеттерін талдап, бағалай алатын болса, бұл моделді шынайы өмірге ауыстырып, кез келген жағдайды түзетуге мүмкіндік алады. Ал сіздің балаңызбен бірге оқып, ойнап өткізген баға жетпес уақытыңызды ешқандай басқа игіліктер алмастыра алмайды.

Үйде балаларыңызбен мына ертегілерді оқыңыз:

«Ер-төстік»

«Жақсы мен жаман»

«Үш ағайынды және сұлу Айсұлу»

«Тауық пен бұршақ дәні»

«Мысық пен әтеш»

Балалармен мүмкіндігінше көп оқыңыз, ең бастысы оқығаныңыз туралы сөйлесіңіз.

